

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2.06.2021 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Біздің депутаттық сауалымызға елімізде туристік маршруттармен саяхаттау кезінде адамдар тап болатын тәуекелдер мен қатерлер түрткі болып отыр. 25 мамырда Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында тауға шыққан Назарбаев Университетінің 6 студентінен тұратын туристік топтың адасып кеткені мәлім болды. Құтқарушылар мен еріктілердің жедел әрекетінің арқасында ғана олардың үшеуі табылды. Өкінішке қарай, екеуінің қаза болғаны туралы суық хабар жетті. Бүкіл өмірі мен болашағынан үміт күткен балаларынан қапыда айырылған ата-аналарға қайғырып көңіл айтамыз. Ендігі іздестіріліп жатқан тағы да екі жастың амандығын елмен бірге тілеп отырмыз.

Ал оқиға орын алған Түркістан облысы Үкіметтің анықтамасы бойынша, еліміздегі басым туристік аймақтардың үздік ондығына кіретіні белгілі.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы осы саланы дамытуға жол ашты, онда қазіргі заманғы талаптарға сәйкес енгізілген өзгерістерден басқа, туристің қажеттіліктерін бірінші орынға қоятын жаңа терминдер мен ұғымдар да қосылған.

Мысалы, «туристік маршрут» деген ұғым енгізілді. Онда туристің қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін жүру жолдары белгіленеді, туристік оператор әзірлейтін туристік қызмет объектілеріне бару-келуі, егжей-тегжейлі регламенттеледі. Соның ішінде, пайдаланылатын көлік, тоқтайтын орындар, көзделген объектілер, түнейтін, аяқ суытатын жерлер, шұғыл жағдайлардағы медициналық көмек және басқа да жағдайлар қамтылуға тиіс.

Бүгінгі таңда туризм саласын цифрландырудың маңызы артып келеді. Ең бастысы – туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады. Егер халықаралық

тәжірибені ескеретін болсақ, онда арнайы қосымшалар сәтті енгізіліп, өзін өздері ақтауда.

Қазақстанда да цифрландырудың өзіндік тәжірибесі жоқ емес. Мысалы, көптеген қалалар мен елді мекендер шегінде маршруттар навигациясы тиімді жұмыс істейді.

Ал туристік навигация жүйесін, оның ішінде туристің онлайн навигаторын жедел енгізу қажеттігін жоғарыдағы жағдай, яғни өмірдің өзі талап етіп отыр. Жалпы туризмді цифрландыру ісі бірге еріп жүретін өзгелердің көмегінсіз де қозғалуға, кез келген тілде ақпарат алуға, жүзбе-жүз кездеспей-ақ, тек жеке смартфонды пайдалану арқылы төлемдерді жүзеге асырып, өзге де қажетті әрекеттерді жасауға мүмкіндік береді.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасындағы міндеттерді орындау үшін мыналарды ұсынамыз:

1) Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі және Мәдениет және спорт министрліктері интеграцияланған туристік навигация қосымшасын әзірлесін және оны басым туристік аймақтардың үздік ондығының бірінде (Алматы өңірінің тау кластері, Түркістан өңірі, Нұр-Сұлтан қаласы) пилоттық жоба ретінде іске қоссын.

2) Төтенше жағдайлар министрлігі, Казгидромет қарайтын Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, басқа да тиісті қызмет көрсететін мекемелер мен жергілікті атқарушы органдар туристік маршруттарда, демалыс аймақтарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазатайым жағдайды болғызбау үшін әлеуметтік желілерде, БАҚ арқылы туристік маршруттар бойынша шұғыл ауа-райы болжамы (мысалы, «Метеотурист», «Казметеотур» шартты атауымен) басқа да сақтық шаралары жөнінде алдын ала ескерту, ақпараттық-түсіндіру жүйесін енгізісін.

Жауабын заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде ұсынуды сұраймыз.

Құрметпен,

**депутат, «Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшесі**

Д. Мыңбай